



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igitan01@mail.ru • №38 (9488) 30 қыркүйек 2022 ж.

## ТАҒАЙЫНДАУ

Жетісу облысы әкімінің өкімімен Маманбаев Ғалымжан Қанатұлы Сарқан ауданының әкімі болып тағайындалды.

### Ғалымжан Қанатұлы Маманбаев

1968 жылы туған, білімі жоғары. Талдықорған сыртқы заң институтын «құқықтану», Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «менеджмент» мамандықтары бойынша бітірген.



Еңбек жолын Сарқан ауданында Тополевка шекара ветеринариялық учаскесінде бастаған.

Біршама жыл Сарқан ауданында жастар мен еріктілер қоғамында белсенділік көрсетті. Әр жылдары аудандық әкімдікте ұйымдастыру бөлімінің аға референті, Сарқан қалалық округі әкімінің орынбасары, Алматы облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының Сарқан ауданы бойынша бас маманының міндетін атқарушы, аудандық пошта байланыс торабы бастығының орынбасары, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы лауазымдарын атқарған.

2006 жылдың қаңтар айынан - Сарқан ауданы әкімінің орынбасары.

## Жаңа әкім тағайындалды

Маманбаев Ғалымжан Қанатұлы аудандық мәслихаттың келісімімен Сарқан ауданының әкімі болып тағайындалды. Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өткен жиында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев осындай өкімге қол қойып, жаңа аудан басшысына сәттілік тіледі.



Ұзақ жылдар осы өңірде қызмет атқарған жаңа әкімге үлкен жауапкершілік артылып отырғандығын тілге тиек еткен облыс басшысы Бейбіт Өксікбайұлы аудандағы өзекті мәселелерге кеңінен тоқталды. Оның ішінде өңір халқын сапалы ауыз сумен қамту, ауданішілік жолдардың жағдайын жақсарту, ұялы байланыс пен интернеттің қолжетімділігін арттыру, жас мамандарға жағдай жасау сынды шаруалар бар. Облыс әкімі осыдан біраз бұрынғы ауданға сапарында



тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің орындалу бағырына да тоқталып, бұл бағытта бірқатар нақты істер қолға алынғандығын атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жаңа

Жолдауынан туындайтын міндеттер зор жауапкершілік жүктейтіндігін айта келе бұл бағытта ауызбіршілік танытуға шақырды.

Жаңа әкімді бұрын Сарқан ауданының тізгінін ұстаған Талғат Өмірәлиев, ауданның Құрметті азаматтары Қадыл Жанасбеков, Мейрамғали Қалиасқаров, Құлшарбан Қалиева құттықтап, елмен етене қызмет жасайтындығына сенім білдірді.

Өз тілшіміз.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

### Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2022 жылдың 20 қарашасына тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.
4. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін уақытында жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.
5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 21 қыркүйек № 1019

## УКАЗ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

### О назначении внеочередных выборов Президента Республики Казахстан

В соответствии с пунктом 3-1 статьи 41 Конституции Республики Казахстан ПО-СТАНОВЛЯЮ:

1. Назначить внеочередные выборы Президента Республики Казахстан на 20 ноября 2022 года.
2. Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан обеспечить организацию и проведение внеочередных президентских выборов.
3. Правительству Республики Казахстан принять необходимые меры по организационному, материально-техническому и финансовому обеспечению внеочередных президентских выборов.
4. Акимам городов Астаны, Алматы, Шымкента и областей обеспечить своевременное составление и достоверность списков граждан, обладающих избирательным правом, оказывать всемерное содействие Центральной, территориальным и участковым избирательным комиссиям в решении вопросов организации и проведения внеочередных президентских выборов.
5. Настоящий Указ вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Президент  
Республики Казахстан К.Тоқаев  
Астана, Ақорда, 21 сәуірыя 2022 года  
№ 1019

## Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: инд.041500. Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №117, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, тел.21996. Жұмыс уақыты 09:00 – 18:30, 13:00 - 14:30 үзіліс.

Комиссия төрағасы - Естеуов Муратбек Қасымбекович  
Комиссия төрағасының орынбасары - Асқарова Айгүль Оразғалиевна  
Комиссия хатшысы - Кабдолданова Салтанат Сакеновна  
Комиссия мүшелері - Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Нурғалиева Шолпан Каналовна, Турғанбай Бота Сырлыбекқызы, Богданова Виктория Олеговна.

## Сарканская районная избирательная комиссия

Центр: инд.041500.г.Сарқан, улица Тауелсиздик №117, Сарканский районный отдел занятости и социальных программ, тел.8(72839)2-19-96. Время работы с 09:00 до 18:30, перерыв с 13:00 до 14:30

Председатель комиссии – Естеуов Муратбек Қасымбекович.  
Заместитель председателя комиссии – Асқарова Айгүль Оразғалиевна  
Секретарь комиссии – Кабдолданова Салтанат Сакеновна  
Члены комиссии – Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Нурғалиева Шолпан Каналовна, Турғанбай Бота Сырлыбекқызы, Богданова Виктория Олеговна.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабының 1) тармақшасына, 51-1, 66-1-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған күнтізбелік жоспары (бұдан әрі – Күнтізбелік жоспар) бекітілсін.

2. Күнтізбелік жоспар сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Қазақстан Республикасы астанасының сайлау комиссияларына жіберілсін.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

**Төраға** **Н. Абдиров**  
**Хатшы** **М. Ерман**

Астана қаласы, 2022 жылғы 22 қыркүйек № 65/538

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
2022 жылғы 22 қыркүйектегі №65/538 қаулысымен бекітілген

2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттарды ұсыну.  
Республикалық қоғамдық бірлестіктердің жоғары органдары

Сайлау тағайындалған күннен кейінгі күні – 2022 жылғы 23 қыркүйекте басталады және 11 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады. (55-б., 66-1б.)

2. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 2, 3-тармақтарында, 41-бабы 2-тармағында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау.  
Орталық сайлау комиссиясы.

Республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы отырысының кандидаты ұсыну туралы хаттамасын үзінді көшірмені кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен және кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжатпен бірге ұсынылған кезден бастап бес күннің ішінде. (54-б.)

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында аумақтық сайлау комиссияларының құрамдарын жариялау.  
Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссиялары.

Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей - 2022 жылғы 2 қазаннан кешіктірмей. (13-б. 4-т.)

4. Бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау учаскелерінің шекараларын, учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын жариялау.

Тиісті өкімдер. Аудандық, қалалық сайлау комиссиялары. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей – 2022 жылғы 7 қазаннан кешіктірмей. (17-б. 2-т., 23-б. 5-т.)

5. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу.

Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша.

Ұсынын келіп түскен сәттен басталып, дауыс беретін күнге бес күн қалғанда – 2022 жылғы 14 қарашада жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады. (20-б. 2-т., 3-т., 4-т.)

6. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және өрқайсысына тиісті куәлік беру.

Аумақтық сайлау комиссиялары. Сенім білдірілген адамдардың тізімдері тіркеу үшін берілген сәттен бастап. (14-б. 2-1 т.)

7. Қол қою парақтарын беру.

Орталық сайлау комиссиясы. Кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін бес күн мерзімнен кешіктірмей. (56-б. 3-т.)

8. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидатты қолдап қойылған қолдардың растығын паспорт қызметінің қызметкерлерін қатыстыра отырып тексеру және

Орталық сайлау комиссиясына жіберілетін тиісті хаттаманы ресімдеу. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Республика астанасының сайлау комиссиялары.

Уәкілетті мемлекеттік органдар. Қол қою парақтары тапсырылған күннен бастап он күн мерзімінің ішінде. (56-б. 7-т.)

9. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша активтері мен міндеттемелері туралы декларация тапсыру. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы). Кандидат тіркелгенге дейін. (59-б. 2-т.)

10. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттарды тіркеу.

Орталық сайлау комиссиясы. Кандидаттар барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін басталады және 2022 жылғы 21 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады. (59-б. 1-т., 4-т., 5-т., 66-1-б.)

11. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Орталық сайлау комиссиясы. Кандидаттар тіркелгеннен кейінгі жетінші күннен кешіктірмей. (59-б. 7-т. 1 т.)

12. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттардың сайлау қорларының арнаулы уақытша шоттарын ашу. Орталық сайлау комиссиясы.

Кандидат тіркелгеннен кейін. (34-б. 6-т.)

13. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жариялаған активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.

Мемлекеттік кіріс органдары. Кандидат тіркелген күннен кейін он бес күннің ішінде. (59-б. 2-т.)

14. Тиісті бұқаралық ақпарат құралдарының тіркелген Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттарға эфирден және баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді хабарлау және жариялауы әрі оларды Орталық сайлау комиссиясына беруі.

Бұқаралық ақпарат құралдары. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу басталғанға дейінгі бес күннен кешіктірмей – 2022 жылғы 16 қазаннан кешіктірмей. (28-б. 3-т.)

15. Барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындау белгілеу және оларды стандарттермен, тақталармен, тұрғылықтармен жарактандыру.

Жергілікті атқарушы органдар және тиісті аумақтық сайлау комиссиялары.

Сайлау тағайындалған сәттен бастап 2022 жылғы 21 қазанға дейін. (28-б. 6-т.)

16. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу.

Тіркеу мерзімі аяқталған кезден 2022 жылғы 21 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады

(2022 жылғы 19 қарашада сағат нөлде аяқталады). (27-б. 2-т., 66-1-б.)

17. Бөлінген үй-жайда кандидаттардың сайлаушылармен кездесулерінің кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру.

Жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзіні басқару органдары.

Аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау алдындағы үгітке дайындық барысында және сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде. (28-б. 4-т.)

18. Әрбір сайлау учаскесі бойынша тиісті өкім қол қойған сайлаушылар тізімдерін акт бойынша тиісті сайлау комиссиясына ұсыну.

Тиісті өкімдер. Дауыс беретін күнге жиырма күн қалғанда – 2022 жылғы 30 қарашада (24-б., 5-т.)

19. Сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну.

Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда – 2022 жылғы 4 қарашадан кешіктірмей. (26-б. 1-т.)

20. Жекелеген сайлау учаскелерінде, қажет болған жағдайда, дауыс беруді бастау мен аяқтаудың өзге уақытын белгілеу және ол туралы шешімді сайлаушыларға жеткізу.

Аумақтық сайлау комиссиялары. (38-б. 1-т.)

21. Дауыс беру уақыты мен орны туралы сайлаушыларды хабардар ету.

Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беру өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірмей – 2022 жылғы 9 қарашадан кешіктірмей. (38-б. 2-т.)

22. Сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу.

Аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлауға дейінгі үш күннен ерте емес және кемінде бір күн бұрын – 2022 жылғы 17 қарашадан ерте емес және 19 қарашадан кешіктірмей. (37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттаманы жасау.

Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беру басталардан бір сағат бұрын. (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу. Учаскелік сайлау комиссиялары.

Сайлау күні, 2022 жылғы 20 қарашада, егер дауыс берудің өзге уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша 07-00-ден 20-00 сағатқа дейін. (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы жасау.

Учаскелік сайлау комиссиялары. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу. (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскесінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы тиісті аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссияларына тапсыру.

Учаскелік сайлау комиссиялары. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу. (18-б. 8) т., 43-б.)

28. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссияларының дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамаларды облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссияларына тапсыруы.

Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу. (62-б. 1-т.)

29. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссияларының дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамаларды Орталық сайлау комиссиясына тапсыруы.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссиялары.

Хаттама жасалған күннен бастап екі күннен аспайтын мерзім ішінде – 2022 жылғы 22 қарашадан кешіктірмей жолданады. (62-б. 1-т.)

30. Қазақстан Республикасы Президенті сайлауының қорытындыларын анықтау.

Орталық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілгеннен кейін жеті күн мерзімнен кешіктірмей – 2022 жылғы 27 қарашадан кешіктірмей. (12-б. 10) т., 44-б. 1-т., 3-т., 65-б. 1-т.)

31. Сайланған Қазақстан Республикасының Президентін тіркеу.

Орталық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде – 2022 жылғы 27 қарашадан кешіктірмей. (45-б., 66-б. 1-т.)

32. Қазақстан Республикасының Президентін сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Орталық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілген күннен бастап он күннен кешіктірмей – 2022 жылғы 30 қарашадан кешіктірмей. (12-б. 10) т., 44-б. 4-т. 1) т.)

33. Кандидаттардың сайлау қорларына түскен ақшаның жалпы сомасы және оның көздері туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Орталық сайлау комиссиясы. Сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін он күн ішінде. (34-б. 4-т.)

**Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтнінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.**

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению внеочередных выборов Президента Республики Казахстан, назначенных на 20 ноября 2022 года

В соответствии с пунктом 3-1 статьи 41 Конституции Республики Казахстан, подпунктом 1) статьи 12, статьими 51-1, 66-1 Конституционного закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республику Казахстан» Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить прилагаемый Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению внеочередных выборов Президента Республики Казахстан, назначенных на 20 ноября 2022 года (далее – Календарный план).

2. Направить Календарный план областным, городов республиканского значения и столицы Республики Казахстан избирательным комиссиям для обеспечения организации и проведения выборов.

3. Опубликовать настоящее постановление в средствах массовой информации.

**Председатель** **Н. Абдиров**  
**Секретарь** **М. Ерман**  
г. Астана, 22 сентября 2022 года № 65/538

Утвержден постановлением Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 22 сентября 2022 года № 65/538

Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению внеочередных выборов Президента Республики Казахстан, назначенных на 20 ноября 2022 года

1. Выдвижение кандидатов в Президенты Республики Казахстан. Высшие органы республиканских общественных объединений. Начинается со дня, следующего за днем назначения выборов - 23 сентября и заканчивается в восемнадцать часов по местному времени 11 октября 2022 г. (ст. 55, ст. 66-1)

2. Установление соответствия кандидата в Президенты Республики Казахстан предъявляемым к нему требованиям п. 2, п. 3 ст. 33, п. 2 ст. 41 Конституции Республики Казахстан и Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

Центральная избирательная комиссия. В течение пяти дней с момента представления выписки из протокола заседания высшего органа республиканского общественного объединения о выдвижении кандидата вместе с заявлением кандидата о согласии баллотироваться и документом, удостоверяющим внесение кандидатом избирательного взноса. (ст. 54)

3. Опубликование в средствах массовой информации составов территориальных избирательных комиссий.

Областные, городов республиканского значения и столицы Республики избирательные комиссии. Не позднее чем через десять дней после назначения выборов – не позднее 2 октября 2022 г. (п. 4 ст. 13)

4. Опубликование в средствах массовой информации границ избирательных участков, составов участковых избирательных комиссий.

Соответствующие акимы. Районные, городские избирательные комиссии. Не позднее чем через пятнадцать дней после назначения выборов – не позднее 7 октября 2022 г. (п. 2 ст. 17, п. 5 ст. 23)

5. Аккредитация наблюдателей иностранных государств и международных организаций.

Центральная избирательная комиссия по представлению Министерства иностранных дел Республики Казахстан. Начинается с момента поступления представления, заканчивается в восемнадцать часов по местному времени за пять дней до дня голосования - 14 ноября 2022 г. (п. 2, п. 3, п. 4 ст. 20-2)

6. Регистрация доверенных лиц кандидатов в Президенты Республики Казахстан и выдача каждому соответствующего удостоверения.

Территориальные избирательные комиссии. С момента подачи списков доверенных лиц для регистрации. (пп. 2-1) ст. 14)

7. Выдача подписных листов.

Центральная избирательная комиссия. Не позднее чем в пятидневный срок после проверки кандидата на соответствие его требованиям, установленным Конституцией Республики Казахстан и Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». (п. 3 ст. 56)

8. Проверка с привлечением работников паспортных служб достоверности подписей в поддержку кандидата в Президенты Республики Казахстан и оформление соответствующего протокола, направляемого в Центральную избирательную комиссию.

Областные, городов республиканского значения и столицы Республики избирательные комиссии. Уполномоченные государственные органы. В десятидневный срок со дня сдачи подписных листов. (п. 7 ст. 56)

9. Представление в органы государственных доходов по месту жительства декларации об активах и обязательствах по состоянию на 1 сентября 2022 года. Кандидат и его (ее) супруга (супруг). До регистрации кандидата. (п. 2 ст. 59)

10. Регистрация кандидатов в Президенты Республики Казахстан

Центральная избирательная комиссия. Начинается после представления кандидатами всех необходимых документов и заканчивается в восемнадцать часов по местному времени 21 октября 2022 г. (п. 1, п. 4, п. 5 ст. 59, ст. 66-1)

11. Опубликование в средствах массовой информации сообщения о регистрации кандидатов в Президенты Республики Казахстан.

Центральная избирательная комиссия. Не позднее чем на седьмой день после регистрации кандидатов. (пп. 1) п. 7 ст. 59)

12. Открытие специальных временных счетов избирательных фондов кандидатов в Президенты Республики Казахстан. Центральная избирательная комиссия.

После регистрации кандидата. (п. 6 ст. 34)

13. Проверка достоверности сведений об активах и обязательствах, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом).

Органы государственных доходов. В течение пятнадцатидней со дня регистрации кандидата. (п. 2 ст. 59)

14. Объявление и опубликование соответствующими средствами массовой информации сведений о размере оплаты, условиях и порядке предоставления эфира и печатной площади зарегистрированным кандидатам в Президенты Республики Казахстан и представлении их в Центральную избирательную комиссию.

Средства массовой информации. Не позднее пяти дней до начала проведения предвыборной агитации – не позднее 16 октября 2022 г. (п. 3 ст. 28)

15. Определение мест для размещения агитационных печатных материалов для всех кандидатов и оснащение их стендами, цитами, тумбами.

Местные исполнительные органы и соответствующие территориальные избирательные комиссии. Со дня назначения выборов и до 21 октября 2022 г. (п. 6 ст. 28)

16. Проведение предвыборной агитации. Начинается с момента окончания срока регистрации в восемнадцать часов по местному времени 21 октября 2022 г. и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов. (Заканчивается в ноль часов 19 ноября 2022 г.) (п. 2 ст. 27, ст. 66-1)

17. Составление графика встреч кандидатов с избирателями в выделенном помещении и опублико-

вание его в средствах массовой информации. Предоставление кандидатам помещений для встреч с избирателями.

Местные исполнительные органы и органы местного самоуправления. Территориальные избирательные комиссии.

В ходе подготовки к предвыборной агитации и в период проведения предвыборной агитации. (п. 4 ст. 28)

18. Представление по акту в соответствующую избирательную комиссию списков избирателей по каждому избирательному участку, подписанных соответствующим акимом.

Соответствующие акимы. За двадцать дней до начала голосования – 30 октября 2022 г. (п. 5 ст. 24)

19. Представление избирателям для ознакомления списков избирателей.

Участковые избирательные комиссии. За пятнадцать дней до дня голосования – 4 ноября 2022 г. (п. 1 ст. 26)

20. Установление иного времени начала и окончания голосования на отдельных избирательных участках в случае необходимости и доведение решения об этом до избирателей.

Территориальные избирательные комиссии. (п. 1 ст. 38)

21. Оповещение избирателей о времени и месте голосования.

Участковые избирательные комиссии. Не позднее чем за десять дней до дня проведения голосования – не позднее 9 ноября 2022 г. (п. 2 ст. 38)

22. Доставка избирательных бюллетеней участковым избирательным комиссиям.

Территориальные избирательные комиссии. Не ранее чем за три дня и не позднее чем за один день до выборов – не ранее 17 ноября и не позднее 19 ноября 2022 г. (п. 3 ст. 37)

23. Открытие избирательных участков для голосования и составление соответствующего протокола.

Участковые избирательные комиссии. За один час до начала голосования. (п. 1 ст. 40)

24. Проведение голосования.

Участковые избирательные комиссии. В день выборов, 20 ноября 2022 г., с 7-00 до 20-00 часов по местному времени, если не установлено иное время голосования. (п. 1 ст. 38)

25. Подсчет голосов и составление протокола о результатах голосования.

Участковые избирательные комиссии. Начинается в двадцать часов 20 ноября 2022 г. по местному времени, если не изменено время голосования, и проводится не более двенадцати часов с начала подсчета голосов. (ст. 43)

26. Вышеуказанные копии протокола в помещении избирательного участка в специально установленном месте для всеобщего ознакомления.

Участковые избирательные комиссии. После подписания протокола – немедленно. (п. 8 ст. 43)



## ЖОЛДАУ ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНДІРІЛУДЕ

**Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауының әлеуметтік-еңбек саласындағы негізгі бағыттарын және ҚР Әлеуметтік кодексі жобасының нормаларын түсіндіру үшін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арнайы мобильдік топтары құрылған болатын.**

Құрамында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек, әлеуметтік қорғау және көші қон комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Зайда Илимжанова, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек, әлеуметтік қорғау және көші қон комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті №1 зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы Мәулен Сүлеймен, Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры филиалының бас маманы Бауыржан Қабдрахманов бар мобильдік топ жуырда Сарқан ауданында болып, Алмалы ауылының тұрғындарымен кездесті.

Кездесу барысында Мәулен Сүлеймен Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың 1-қыркүйегінен бастап, Отбасының цифрлы картасын енгізу басталғандығы, әйел азаматтардың 61 жасқа зейнеткерлікке шығу деңгейіне 25 жылға дейін тоқтау, зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар топтамасы ұсынылғандығы туралы мәселелерге тоқталса, Бауыржан Қабдрахманов мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жарна төлеген азаматтар үшін жұмысынан айрылған кезде әлеуметтік төлемдер мөлшері орташа айлық табыстың 45%-ына дейін құрайтындығын және бала күтімі кезеңінің 1,5 жасқа дейін ұзартылғандығын, зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар кешені ұсынылғанын атап өтті.

Сондай-ақ, жиын соңында тұрғындар тарапынан түскен сұрақтарға Зайда Илимжанова жан-жақты жауап берді.

Өз тілшіміз.

## Педикулез - тері мен шаштың паразитті ауруы

Педикулез - яғни, биттеу туралы әңгіме ұятты тақырып ретінде талқыланатыны бәрімізге де белгілі. Себебі, педикулезбен науқастанған баланың өз құрдастарының күлкі – мазағына айналатыны анық. Балалар ұжымындағы осындай психикалық жарақаттың өте ауыр өтетіндігіне байланысты, өзінен битті байқаған әрбір бала жағдайды қоршаған адамдардың барлығынан, соның ішінде, ата-анасынан да жасырып, басына түскен мәселеден өздігінен шығуға тырысады. Білім беру мекемелерінің әкімшілігі мен ұстаздарының оқушылар арасындағы педикулез ауруын анықтауға аса мән бермеуі, және ата-аналар мен оқушылардың өздерінің педикулездің алдын-алу және жеке бас тазалығын сақтау сұрақтары жөнінде толық ақпараттандырылмауы да аурудың пайда болуының бірден-бір себебі ретінде қарастырылады. Өкінішке орай, қарапайым әдіс – тәсілдерді білмейінше бұл паразиттерден арылу мүмкін емес.

Педикулез - әлеуметтік маңыздылығы бар, кең таралған жұқпалы ауру. Бұған негізінен: тұрғындар арасындағы көшіп – қону мәселесінің артуы, жұқпалы ауруларға қарсы иммундық жүйенің төмендеуі, емдеу мекемелерінің санитарлық – ағарту жұмыстарын сапасыз жүргізуі мен жолсапарлар санының артуы себеп болып отыр.

Педикулез немесе биттеу деп – адам денесінде биттердің арнайы паразиттік тіршілік етіп, оның қанымен қоректенуін айтамыз. Педикулез - ауру адаммен қатынаста болған жағдайда, әлеуметтік

жағдайы жақсы, жеке бас тазалығына көңіл бөлетін адамдарда да пайда болуы мүмкін. Битті жұқтыру қарым-қатынас кезінде беріледі. Яғни, бит бір адамнан екіншісіне биттеген адаммен қарым-қатынас кезінде ұжымда, балалар мекемесінде, лық толы қоғамдық көлік ішінде, қарапайым жеке бас тазалығын сақтамаған жағдайда, яғни, киім – кешек пен төсек орындарын, тарақты ортақ пайдаланған жағдайда.

Педикулездің алдын-алудағы басты ережелер: 7-10 күн сайын суға шомылып, киім-кешек пен төсек орынды ауыстырып отыру, шашты қиып – тарау, жеке тарақтарды пайдалану; балалар ұжымдарына баратын балалардың шашы мен киімдерін үнемі тексеріп тұру; ұзақ жолсапардан келген отбасы мүшелеріне де тексеру жүргізу. Жеке бас тазалығы мақсатында педикулез туралы балаларға түсінікті де қарапайым етіп айту керек. Педикулездің басқа аурулар тәрізді ауру екендігін, өздігінен емделіп – жазылмайтындығынан, онымен күресу керектігін түсіндіру керек. Сонымен қатар, биттердің таза, шашы қиылып – таралған балалардан аулақ жүретіндігіне назар аударту керек. Өзге адамдардың тарағын, бас киімін, киім-кешегі мен төсегін пайдаланбаған жөн. Балалар ұжымдарында жеке бас тазалығын сақтау, жинақылық пен ұқыптылықты мадақтап, сыйлық берудің де пайдасы зор.

Г.НУРДАУЛЕТОВА,

Сарқан аудандық СЭББ жетекші маманы.

## НУЛЕВАЯ ТЕРПИМОСТЬ К ПРАВОНАРУШЕНИЯМ В АРМЕЙСКОЙ СРЕДЕ

С целью выявления скрытых фактов военнослужащими Талдыкорганского и Уштобинского гарнизонов привлечения их к административной ответственности за совершение административных правонарушений, сотрудниками отделения административной практики Отдела военной полиции Талдыкорганского гарнизона ежеквартально проводится сверка с Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

По результатам сверки и проведенного анализа Отделом военной полиции Талдыкорганского гарнизона в адрес командования воинских частей на-

правляются представления по устранению обстоятельств, способствующих совершению преступлений и правонарушений, и других нарушений закона (в порядке ст.8 п.12 Закона РК «Об органах военной полиции»), по результатам рассмотрения представления принимаются меры воздействия в отношении лиц допустивших административные правонарушения предусмотренных законодательством.

В случае установления военнослужащих, систематически допускающих административные правонарушения, последние включаются в группу лиц, склонных к совершению правонарушений. С указанной ка-

тегорией лиц систематически проводятся профилактические мероприятия, включающие в себя индивидуальные беседы, разъяснение административного законодательства.

В целях профилактики совершения административных правонарушений, совместно с командованием воинских частей организовываются и проводятся мероприятия с привлечением специалистов органов прокуратуры, МВД, здравоохранения.

Т.АЛЬСЕЙТОВ,

начальник отдела по делам обороны Сарканского района, подполковник.

Төменде тізімдегі азаматтар Сарқан қаласы «Мемлекеттік кірістер басқармасы» Тәуелсіздік №115 көшесіндегі №11 кабинетке келіп жолығуларын сұраймыз және өздерімен бірге жеке куәліктерін ала келу керек.

Гражданаң, перечисленным ниже, просим прийти в кабинет №11 по улице Тәуелсіздік №115 «управления государственных доходов» г. Сарқан и взять с собой удостоверение личности.

Абдрахман Айдос Қайратұлы, 30.07.1993  
Абишева Ортақ Сейтхановна, 02.03.1954  
Айтқұрман Гүлиқан, 25.03.1989  
Андрющенко Ирина Николаевна, 15.07.1980  
Атабаева Рамина Тауфиқовна, 17.04.1998  
Аульбекова Разихан Бигалиевна, 01.01.1954  
Әбдешбай Салтанат, 10.03.1976  
Әбдіқұдыс Жаңылсын, 28.03.1979  
Әбдіманап Қанымгүл, 29.08.1968  
Бейбітқан Наят, 10.06.1985  
Бейсенбай Құрманғазы, 16.12.1979  
Бодянский Сергей Николаевич, 12.02.1970  
Болемисова Тыныштық, 08.09.1943  
Большева Елена Владимировна, 22.12.1983  
Верезубов Сергей Иванович, 08.10.1981  
Войтешонок Анастасия Александровна, 01.05.1997  
Ешмағанбетова Мадина Аскаровна, 22.10.1986  
Жапарова Гулмира Серікболқызы, 12.04.1985  
Жумабеков Султан Кайратович, 13.08.1998  
Ибрагим Жұлдыз Амангельдиновна, 15.02.1987  
Ибрагим Мухит Жеңісұлы, 06.12.1985  
Искакова Гульжан Каналхановна, 26.02.1976  
Каграманова Элеонора Сергеевна, 13.06.1993  
Кадырманова Ляззат Аманболовна, 17.08.1990  
Казымбеков Мадид Сейлканович, 02.10.1972  
Кайса Нина Павловна, 24.04.1961  
Калибеков Салават Калдыбаевич, 04.06.1970  
Калиев Нурлыбек Арыстанбекович, 08.03.1963  
Кальной Геннадий Николаевич, 25.08.1961  
Картымбаев Руслан Альбекович, 18.12.1987  
Касымова Любовь Васильевна, 20.02.1968  
Кезенов Кыдырбай Наурызбаевич, 20.02.1948  
Кингушанов Сергей Сергеевич, 27.04.1977  
Коробов Владимир Николаевич, 31.01.1978

Красноперов Валерий Федорович, 20.08.1977  
Кудабаева Жумакуль Абишевна, 18.01.1959  
Кумысбек Бауыржан, 14.01.1974  
Курманғалиев Рыспек Заманшекович, 21.12.1964  
Кутылев Игорь Михайлович, 05.07.1989  
Қазақпар Тұрдыбек, 20.08.1977  
Қасымғалиев Рахат Қайрағалиұлы, 30.08.1992  
Лаптева Валентина Павловна, 15.11.1939  
Майлыбаев Жасулан Жумағалиевич, 01.12.1986  
Масакбаева Жаналхан Шаймуратовна, 10.09.1957  
Муханов Шамиль Шарипжанович, 10.09.1978  
Мұқатай Жасұлан Мансұрұлы, 27.06.1996  
Науменко Андрей Николаевич, 14.02.1987  
Нұртуған Жәйдар, 10.01.1996  
Оразбек Нұрсұлтан, 10.04.1995  
Панин Игорь Сергеевич, 06.12.1987  
Раимова Жанара Сарсембаевна, 01.01.1979  
Рымбеков Ерлан Амангельевич, 02.06.1977  
Рыспекова Гульнур Мырзабековна, 08.01.1976  
Савченко Светлана Кирилловна, 16.02.1951  
Светличный Юрий Михайлович, 01.01.1967  
Сейітқалым Сәуле, 12.11.1981  
Сыбанова Алтынай Нусупбаевна, 12.05.1975  
Таңірберген Еркебулан Дюсенбекұлы, 03.05.1995  
Тлеуова Рышан Курманалиевна, 22.07.1963  
Уатхаан Жолоочбай, 25.04.1960  
Усманов Ринат Ришатович, 11.04.1984  
Фомниди Георгий Харлампиевич, 08.05.1967  
Чукербаяева Нурзийла Нургаджиевна, 02.02.1962  
Шелихова Зинаида Сергеевна, 11.03.1963  
Шульгина Елена Борисовна, 19.12.1967

## Ұлттық парктегі атқарылған экологиялық іс-шаралар



17 қыркүйек-Дүниежүзілік тазалық күні. Дүниежүзілік тазалық күні (World Cleanup day) жыл сайын қыркүйектің үшінші сенбісінде өтеді. Науқанның негізгі міндеті-жұртшылық назарын қоршаған орта тазалығына, қоқысты бөлек жинау мен қайта өңдеуге, экологиялық өмір салтын ұстануға аудару. «Жоңғар-Алатауы» МҰТП

Қызметкерлері акцияны қолдап, сенбілікке ат салысты. Сонымен қатар, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің № 27-2-17/1973-И 01.09.2022 жылғы тапсырмасына сәйкес «Жоңғар-Алатауы» МҰТП күн сайын аумақтың санитариялық жағдайын тексеріп, парк аумағына келушілермен жергілікті тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді. «Жоңғар – Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи парк» аумағында күн сайын аумақтың санитариялық жағдайын тексеруді күшейту және жүргізу мақсатында туристік маршруттарда сенбіліктер өткізілуде.

Сондай-ақ, санитарлық талаптарды сақтау бойынша парк қызметкерлері волонтерлермен бірлесіп «Таза өзенге - таза жағалау», «Таза болса - табиғат, аман болар - адамзат», «Табиғатты аялайық, болашақты ойлайық», «Бірге Таза Қазақстан» акциясы аясында туристік маршруттардың орындарына күл-қоқыстан тазалау жұмыстары өткізілді. Акцияның мақсаты қоршаған ортаны қоқыстан тазарту және жергілікті халықты тазалыққа шақыру. Акцияға барлығы 365 адам қатысып, парк аумағынан 4,15 т қоқыс қалдықтары шығарылды.

Ұлттық табиғи парктің көрікті аумағына келген демалушылар өз территориясында ластамау қажет. Өз артын жинап жүруі қажет. Сондықтан темекі шегіп, ішімдік ішіп, қоқыс тастауға болмайды. Таза ауада демалғысы келетіндер табиғатты аялап, тазалық сақтауды естен шығармауы қажет.

М.УНЕРБЕКОВА,

Жоңғар-Алатауы МҰТП инженер-экологы.

## Сарқан ауданының учаскелік шекарасы

**№ 786 сайлау учаскесі. Орталығы:** Сарқан қаласы, Алдаберген Атанов көшесі № 17, Ақын Сара атындағы орта мектеп.

Секретарь комиссии – Абдугалиева Карлыгаш Саматовна.

Члены комиссии – Сабикенова Нурымкан Молдагазыевна, Абейбекова Райхан Есимхановна, Чамчиева Аида Жомартқызы, Джиланбаева Жазира Исламхановна.

### участковая избирательная комиссия № 795

Центр: село Тополевка, улица Абая № 7, средняя школа Теректи, тел. 87283954251, 87283929722.

Председатель комиссии – Аметова Толкын Жанузаковна.

Заместитель председателя комиссии – Федорина Марина Анатольевна.

Секретарь комиссии – Мусабаева Гульмира Серихановна.

Члены комиссии – Акыбаева Нурлуқан Сейлгәзиевна, Никонова Зинаида Григорьевна.

### участковая избирательная комиссия № 796

Центр: село Алмалы, улица Абишева № 1 а, Алмалинская средняя школа, тел. 87283932026.

Председатель комиссии – Имангалиев Болат Кабылович.

Заместитель председателя комиссии – Мусабаев Нурлан Галымжанович.

Секретарь комиссии – Акылбекова Баян.

Члены комиссии – Куракбаева Дильбара Куракпаевна, Байдуалиев Данияр Қанатханұлы, Байсалбаева Нургуль Жарылкасыновна, Данабаева Арайлым Серікқызы, Токтарова Сауле, Ордабаев Нукурбай Баимбетович.

### участковая избирательная комиссия № 797

Центр: село Абай, улица Абая № 38, Тасарыкская средняя школа Жетису. Пограничник, тел. 87283934839.

Председатель комиссии – Жазыкбаев Есенкул Абиенович.

Заместитель председателя комиссии – Рахатова Камал Отарбаевна.

Секретарь комиссии – Аблхасимова Сандугаш Адильхановна.

Члены комиссии – Сыдыканов Жанат Зулкакович, Темиргазина Сандугаш Бахыткаримовна.

### участковая избирательная комиссия № 798

Центр: село Пограничник, улица Сатбаева № 8, средняя школа Жетису. Пограничник, тел. 87283934203.

Председатель комиссии – Алыбаева Лязат Аблакатовна.

Заместитель председателя комиссии – Бижаксынов Болат Сансызбаевич.

Секретарь комиссии – Мухамедьярова Гульнар Чакербекковна.

Члены комиссии – Карибаева Маржан Бауржановна, Кирикбаева Бижамал Молдакуловна.

### участковая избирательная комиссия № 799

Центр: село Карауылтобе, улица Бейбитшилик № 8, Карауылтобинская средняя школа, тел. 87283934207.

Председатель комиссии – Токтарбаев Серик Байузакович.

Заместитель председателя комиссии – Бигожанова Каршыга Долпановна.

Секретарь комиссии – Имашева Гулдария Рахимгалиевна.

Члены комиссии – Сейсембаев Жаркынбек Балтабайевич, Жолдасбаева Сандыгуль Махмудовна.

### участковая избирательная комиссия № 800

Центр: село Кокозек, улица Фестивальная № 5, Кокозекская средняя школа, тел. 87283934200.

Председатель комиссии – Досымов Серикбек Кадырович.

Заместитель председателя комиссии – Арыстамбекова Латипа Кабдулманаловна.

Секретарь комиссии – Нуржанова Ардак Ахановна.

Члены комиссии – Чокенова Алпагул Акишевна, Курмаш Акнур Кайратқызы.

### участковая избирательная комиссия № 801

Центр: село Койлык, улица Макетова № 45, Дом культуры имени К. Казыбаева, тел. 87283926545.

Председатель комиссии – Сарбопаева Альмира Асылбаевна.

Заместитель председателя комиссии – Нандырбекова Бакыт Нуркасымовна.

Секретарь комиссии – Кудайбергенова

Мадина Токтаровна.

Члены комиссии – Есиркеев Бауыржан Саркытбекович, Кадырбекова Гульнара Болатбековна, Самигуллина Ботагоз Асырқарымовна, Дюсембеков Барысбек Нурғалиевич, Кенжибаева Эльмира Канатовна, Денисламова Гульжаухар Тасболатовна

### участковая избирательная комиссия № 802

Центр: село Бакалы, улица Кобдикова № 44, средняя школа имени К.Казыбаева, тел. 87283929314, 87283952329.

Председатель комиссии – Курмангалиева Сауле Токтасыновна.

Заместитель председателя комиссии – Мухаметкалиева Гизада Тологеновна.

Секретарь комиссии – Жанекенова Асель

Члены комиссии – Еркасимова Лаура Ертаевна, Нагыманов Жандос Абыкенович.

### участковая избирательная комиссия № 803

Центр: село Казыбаев, улица Жанакурылыс № 1, Агартуйская начальная школа, тел. 87283929732.

Председатель комиссии – Кутбаева Назерке Советбековна.

Заместитель председателя комиссии – Оралханов Талгат Оралханович.

Секретарь комиссии – Айдаулетова Галина Жумажановна.

Члены комиссии – Молдажанова Маржан Касымхановна, Омарова Бибигуль Есболатовна.

### участковая избирательная комиссия № 804

Центр: село Таскудык, Таскудыкская начальная школа, тел. 87283929230.

Председатель комиссии – Батырбекова Самал Серікқазықызы.

Заместитель председателя комиссии – Имангалиева Айнагуль Серікжановна.

Секретарь комиссии – Намысбекова Назым Болатбековна.

Члены комиссии – Абдуалиева Акбопе Темиргалиевна, Хусайнова Айсылу Бисултановна

### участковая избирательная комиссия № 805

Центр: село Карабогет, улица Абайдильдана № 26, Дом культуры, тел. 87283929247.

Председатель комиссии – Қыдыржанұлы Ельдар.

Заместитель председателя комиссии – Сейтжанов Гульнур Оралхановна.

Секретарь комиссии – Насырова Жанаргүл Бостановна.

Члены комиссии – Даулетхан Ақмарал Талғатқызы, Дюсембаев Галым Ермаханович.

### участковая избирательная комиссия № 806

Центр: село Черкасск, улица Койшыбекова Шайза № 120, Черкасская Дом культуры, тел. 87283929301.

Председатель комиссии – Калыбаев Аскарбек Рыспекович.

Заместитель председателя комиссии – Даулетбаева Айнура Есимкамбетова.

Секретарь комиссии – Нурпейсов Берик Серікқалиевич.

Члены комиссии – Корпебаева Лязат Жолдыбаевна, Ахметжанова Самал Акылбековна.

### участковая избирательная комиссия № 807

Центр: село Аккайын, улица Мухаметжана Тынышбаева № 25, Ленинская начальная школа, тел. 87283929864.

Председатель комиссии – Качанова Галина Ивановна.

Заместитель председателя комиссии – Жумабекова Айгуль Жабайхановна.

Секретарь комиссии – Одинцова Любовь Андреевна.

Члены комиссии – Луценко Екатерина Владимировна, Одинцова Юлия Константиновна.

### участковая избирательная комиссия № 808

Центр: село Актума, улица Абай Кунанбаева № 91, средняя школа Актума, тел. 87283929352.

Председатель комиссии – Мусабаланова Іңкәр Тлеуқанқызы.

Заместитель председателя комиссии – Калиакбаров Ержан Сейдахметұлы.

Секретарь комиссии – Джаксигельдинова Раушан Жақыпқызы.

Члены комиссии – Кенжебаева Гүлім Серікқызы, Джумаханов Айдар Аскарвич.

### участковая избирательная комиссия № 809

Центр: село Каргалы, улица Мухаметжана Тынышбаева № 16, Каргалинская средняя школа, тел. 87283929698.

Председатель комиссии – Джамбулатов Ержан Елюбаевич.

Заместитель председателя комиссии – Букенбаева Жанар Болатаевна.

Секретарь комиссии – Рыскельдина Эльмира Укеновна.

Члены комиссии – Абаева Гульмира Еркеновна, Омарбекова Гульниса Еркеновна, Хасенова Жумагуль Айтмуханбетова, Букенбаев

Шарипкан Жумашевич.

### участковая избирательная комиссия № 810

Центр: село Шатырбай, улица Нугманова № 30, Дом культуры села Шатырбай, тел. 87283929744.

Председатель комиссии – Рахимжанов Шакрат Кажғалиевич.

Заместитель председателя комиссии – Бабыкова Айгуль Тлектесовна.

Секретарь комиссии – Чакенова Ултуар Каппаровна.

Члены комиссии – Бегимбетов Серик Акылбекович, Айтпосынова Раушан Келесовна.

### участковая избирательная комиссия № 811

Центр: село Лепсы, улица Мукана Толобаева № 21, средняя школа имени К.Ушинского, тел. 87284321532.

Председатель комиссии – Оразгельдинов Берик Жунисханович.

Заместитель председателя комиссии – Касымова Алия Темирхановна.

Секретарь комиссии – Ахметжанова Алпагуль Аязбековна.

Члены комиссии – Нуртулеуов Ержан Нұрахметович, Молтанова Сания Каримбековна, Тенизбаева Зульфия Алдашевна, Калимулдинова Айғаным

### участковая избирательная комиссия № 812

Центр: село Лепсы, улица Дины Нурпейсовой № 3, средняя школа № 54, тел. 87284321255.

Председатель комиссии – Жорабекова Дина Джиханқызы.

Заместитель председателя комиссии – Зияда Рахат Талғатұлы.

Секретарь комиссии – Бейсебаева Алпагуль Базарбаевна.

Члены комиссии – Джапаров Сеит Кабиевич, Бексултанова Гульжан Бексултановна

### участковая избирательная комиссия № 813

Центр: село Коктерек, улица Арына № 22, средняя школа имени Маншук Маметовой, тел. 87284322421.

Председатель комиссии – Мухамадиев Насихат Оразович.

Заместитель председателя комиссии – Туякова Камал Тыныштаевна.

Секретарь комиссии – Байбаракова Жансая Оралбаевна.

Члены комиссии – Жаксыбеков Рустем Елебекович, Дюсембаев Дархан Берікбосынович.

### участковая избирательная комиссия № 814

Центр: село Кокжиде, улица Толобай батыра № 29, Ериктинская средняя школа, тел. 87284322368, факс: 87284322380.

Председатель комиссии – Баянбаев Серик Темиргалиевич.

Заместитель председателя комиссии – Дукенова Жанаргуль Сериковна.

Секретарь комиссии – Даркембаева Назира Серікқалиевна.

Члены комиссии – Белгибаева Гульмира Толоуаевна, Ерболған Ақжол Ерасылұлы

### участковая избирательная комиссия № 815

Центр: село Мукана Толобаева, улица Мукана Толобаева № 15а, Дом культуры села Мукана Толобаева, тел. 87285921404.

Председатель комиссии – Оразиманова Светлана Жамболловна.

Заместитель председателя комиссии – Рахышева Гульмира Оразовна.

Секретарь комиссии – Шалкибаева Ляйла Омаргалиевна.

Члены комиссии – Юсупова Раушан Слатаевна, Мамыраимова Алмана Кошқарбековна.

### участковая избирательная комиссия № 816

Центр: село Ульги, улица Байгамытова № 12, Ульгинский сельский медицинский пункт, тел. 872859950060.

Председатель комиссии – Жанбырбаева Динагуль Оспановна.

Заместитель председателя комиссии – Екижанова Кызгалдақ Касеновна.

Секретарь комиссии – Амирбаева Айгерим Қайрбекқызы.

Члены комиссии – Кулуев Серікжан Нурланович, Аскарова Жұлдыз Избасаровна

### участковая избирательная комиссия № 817 (закрытая)

Центр: село Екиаша, воинская часть «Екиашинское отделение».

Председатель комиссии – Орда

**Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Тәуелсіз ел атанып, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы – мұғалім.**

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы "Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз" деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім.

"Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" дегендей, ел ертеңі болып табылатын ұландардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, тұрашылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда ұстаздың орны бөлек.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Жақсылық атаулыны ішкі жан дүниесімен қабылдап, өз бойындағы жасампаздық пен шығармашылық, өз-өзіне сенімділік пен сабырлылық, табандылық пен төзімділік сияқты мінез-құлық ерекшеліктерімен, сондай-ақ өзгелерге қолдау көрсете білетін, жылы жүрегімен жақсылық сәулесін шашып, мейірім шуағын төгіп тұратын ұстаз - басшының бірі – Алматы облысы, Сарқан ауданы, Бақалы ауылын дағы К.Қазыбаев атындағы орта мектебінің директоры қызметін атқарған

## Ұстаздық қызмет - ұлы құрмет!



Қалиасқарова Ұлжан Күмісбекқызымен бір ұжымда қызметтес болдық. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демей ме, осындай адаммен кездестіріп, бірге бір ұжымда жиырма жылға жуық қызметтес болған тағдырға ризашылығымды білдіремін.

Қалиасқарова Ұлжан Күмісбекқызы – ұстаздық жолда 43 жылдай еңбек етіп, құрметті демалысқа шықты.

Ол 1947 жылдың 19 ақпанында Талдықорған облысы, Сарқан ауданы, Ново-покровка ауылында дүниеге келген. Ново-покровка орта мектебін 1965 жылы бітірісімен Семей қаласындағы өзінің бала күнгі арманы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтына оқуға түсті. 1969 жылы химия-биология пәнінің мұғалімі мамандығын алды. Бақытым-мамандығым, байлығым – балаларым, бала тәрбиесі деп білген, ойы биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, тұғыры биік жан білім беру саласында қарапайым мұғалімнен басшылық қызметтің ертүрлі салаларында қызмет атқарып, әрдайым мамандығына деген сүйіспеншілігі, ерекше құрметі бойына қуат, жанына жігер бергені анық. Кез-келген істе тәуекелге бара

алуы, өзіне тапсырылған жауапкершілікті ала отырып, оны ұйымдастыра білуі оның іскерлік жетістіктерін шындай түсті.

Ұлжан Күмісбекқызы басқарған Сарқан ауданындағы К.Қазыбаев орта мектебі Алматы облысындағы білім беру ұяларының ішінде «Көшбасшы» мектеп құрамына енді.

Сөзімнің дәлелі ретінде мынадай деректерге тоқтала кетсем: - 2000-2002 оқу жылында екі оқушы «Алтын белгі» иегері аталды. Бұл көрсеткіш мектебіміздің тарихындағы қырық жылдан кейінгі көрсетілген нәтиже болатын. - 2002-2003 оқу жылында бір оқушы «Үздік аттестат» иеленсе, - 2004-2005 оқу жылында екі оқушы «Алтын белгі» иегері аталды. - 2006-2007 оқу жылында бір оқушы «Алтын белгі» иегері аталды.

Өзі басқарып отырған мектеп ұжымы жұмысының жоғары деңгейге көтерілуі басшының іскерлігімен қоса, мектеп ұжымындағы білікті, тәжірибелі ұстаздардың еңбегі деп білемін.

Білім саласындағы өз істерінің майталмандары директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қапсаламова Күміста Рамазанқызы, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері Аязова К, Тұрысбекова Б, Абдршина Н, физика пәнінің мұғалімдері Болысбекова Р, Нағыманова Ш, математика пәнінің мұғалімдері Жаныспаева Б, Муханбетова З, химия-биология пәнінің мұғалімі Қияхметова Р, ағылшын пәнінің мұғалімдері Нашенова Н, Рамиева Л, орыс тілі пәнінің мұғалімдері Жанабаев Д, Қудагельдинова Сәуле сынды білікті де білімді ұстаздардың еңбектері ерен деп білемін.

Қалиасқарова Ұлжан Күмісбекқызы 43 жыл еңбек етілімінде атқарған еңбегі де елеусіз емес. Олар:

- 1991 жылы «Аға мұғалім» атағымен;
- 1999, 2003 жылдары Алматы облыстық білім департаментінің Құрмет грамотасымен;
- 2005 жылы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен;
- 2013 жылы Алматы облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен;
- 2007 жылы «Ы.Алтынсарин белгісімен» марапатталса;
- 2017 жылы ҚР Президентінің жарлығы бойынша ҚР-ның Құрмет грамотасымен марапатталды.

Бақытын еңбектен таба білген ұстаз, басшы Ұлжан апай - отбасылық өмірде де бақытты, адал жар, ардақты ана, аяулы әже. Бар байлығы - Сұңғат, Асхат, Мұрат атты үш ұлы. Балаларының барлығы да жоғары білім алып, алған мамандықтары бойынша қызмет жасауда. Балаларының әкесі Қалиасқаров Мейрамғали Мұқанұлы - ұзақ жылдар Бақалы ауылын басқарған совхоз директоры, қазіргі таңда зейнеткер, Сарқан ауданының Құрметті азаматы.

Қорытындылай келе, «Ұстаз» деген ұлағатты атауды естігенде күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деген Серке Қожамқұловтың сөзінен ұстаз қауымына деген үлкен құрметті байқаймыз. Міне, осы пікірді дәлелдей келе, зейнет жасына жақындап қалсам да өзімді өлі күнге дейін Ұлжан апайдың шәкірті ретінде санаймын.

Қалиасқарова Ұлжан Күмісбекқызы – барды бағалай алатын, айналасындағы жандармен қарым-қатынасында да жоғары адамгершілік көрсете білетін, өз жұмысына, бала тәрбиесіне жаны ашып, асқан жауапкершілікпен қарай білетін, адал да шынайы, өз ісіне жауапты ұстаз, тәлімгер, басшы бола білген тұлғаның бірі.

**Н. АБДРШИНА, К.Қазыбаев атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Жасөспірім жеткіншектерді оқыту және тәрбиелеу саласында Досжановтар әулетінің алатын орны бөлек. Осы әулеттің көшбасшысы Рашат Досжанов 1912 жылы дүниеге келген. 1933 жылдан сауатсыздықты жою ісіне араласып, 1935-36 оқу жылы бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын Қапалдағы 1 жылдық курсты бітіріп, мұғалімдік еңбек жолын бастаған.

Әр түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуының арқасында 1939 жылы партия қатарына мүше болып қабылданған. 1941 жылы өз тілегі бойынша 5-желтоқсанда армия қатарына шақырылып 1945 жылы қазан айының аяғында елге оралып мұғалімдік жұмысты ары қарай жалғастырды. «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері және ерлігі үшін бірнеше алғыс грамоталарымен марапатталған. 1948 жылы қазіргі Абай ауылындағы 8 жылдық мектепке мұғалім болып келген кейін 1952 жылдан 1963 жылдары аралығында оқу ісі меңгерушісі, 1963 жылдан 1976 жылға дейін мектеп директоры болып, жалпы 48 жыл мұғалімдік жұмысының 39 жыл мектеп басқару жұмысында өткізген. 1967 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советтің Президиумының 29-маусымдағы Жарлығы бойынша Қазақ ССР –інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі құрметті атағы берілген.

1948 жылы Батима Бәсенқызы Досжановаға үйленіп мұғалімдік жұмысты бірге бастайды. Анамыз осы мектепте 30 жыл қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып қызмет атқарған. Көп жылғы жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін бірнеше рет марапатталған.

Осы әулеттің үлкені Шәмшәбану Рашатқызы 1968 жылы Қазақтың Қыздар педагогикалық институтының музыка факультетін бітіріп, осы ауданның Қарабегет ауылындағы орта мектепте 34 жыл ұстаздық еңбек етіп зейнеттік демалысқа шықты. 5 баласы бар, қазір Астанада балаларының қолында, немерелерін бағуда.

Мен, Томас Рашатұлы, 1975 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, 1979 жылы тәмамдадым. Әкем сияқты тарихшы болуды мақсат тұтып педагогикалық жұмысымды жолдамамен Аманбектер орта мектебінде тарих пәні мұғалімі және мектеп жанындағы интернат меңгерушісі болып бастадым.

1983 жылы Қарауылтөбе ауылындағы 8 жылдық мектебіне оқу ісі меңгерушісі болып ауыстым. 1987 жылы мектеп директоры болып тағайындалдым. Осы мектепте 40 жыл еңбек етіп, қазір зейнеттік демалыстамын. Зайыбым Салтанат Қалиқызы Досжановамен 1979 жылы үйленіп, бірге ұстаздық етіп келеміз. Салтанат еңбек жолын 1973 жылы мектеп кітапханашысы болып бастады. 1975-80 жылдары Қазақтың Қыздар педагогикалық институтын орыс тілі және әдебиеті пәні факультетін аяқтағаннан кейін өз мамандығы бойынша әлі де мұғалімдік қызметте. Жалпы еңбек өтілі 48 жыл. Зейнетке шықса да маман жетіспеуіне байланысты

## Әулеттің білім беру саласындағы

### өтілі - 300 жыл



мұғалімдік жұмысын жалғастыруда. Ұзақ жылғы еңбегі еленіп облыстық білім беру бөлімінен алғыс хатпен марапатталған.

Мен облыстық білім саласының дамуына қосқан үлесім, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі табысым үшін 2019 жылы Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталдым.

Қ а р ы н д а с ы м Бақытқұл Рашатқызы 1965 жылы туған. Осы ауданның Бірлік орта мектебінде 17 жыл мектеп кітапханашысы болып, істеп жүр.

Бауырым До-сжанов Манас аудандағы Тасарық орта мектебінде музыка пәні мұғалімі болып 17 жыл қызмет етті. Панфилов педагогикалық училищесін және Сарқан гуманитарлық училищесін аяқтаған. Келінім Сая Сыдықбекқызы Алматы педагогикалық университетінің қазақ сыныптарындағы орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі факультетін бітіріп Тасарық орта мектебінде ұстаздық етті. Жалпы еңбек өтілі 25

жыл, қазір Алматы қаласындағы №123 мектеп-гимназиясында тәрбие ісінің меңгерушісі.

Әкеміз Досжанов Рашаттың немерелері үшеуі де ата-ананың кәсіби жолын таңдауына тәрбиенің ықпалы болса керек. Үлкеніміз Жан-тас Рашатов Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география факультетін бітірді.

Қазіргі кезде өлкетанушы-тарихшы. Ұлы жүздің, Орта жүздің бабалары, батырларының жерленген жерлерін анықтаумен айналысады.

1982 жылғы Алма Томасқызы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих экономика, құқық мамандығы бойынша білім алып, магистратураны аяқтап, Алматы қаласындағы Қазақ автожол университетінің аға оқытушысы. 17 жыл еңбек өтілі бар.

1987 жылы туған Майра Томасқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің түлегі, магистратураны аяқтап Алматы қаласында «Туран», «Нархоз» университетінде аға оқытушы болды. Быыл Астана қаласында жаңадан ашылған SKILLSET SCHOOL IT атты ең бірінші цифрлық мектебінде жоба жетекшісі болып жұмыс атқаруда.

Келінім Назира Ордабаева Семей музыкалық училищесін қобыз класы бойынша аяқтап, қазір Алматы қаласында жекеменшік музыка мектебінде дәріс береді. Еңбек өтілі 9 жыл.

Бүгінде Досжановтар әулеті отбасымен түгел білім беру саласында 300 жылға жуық жемісті қызмет етуде.

**Томас ДОСЖАНОВ, зейнеткер ұстаз.**

Бүгінде біздің оқу орынымыз Сарқан гуманитарлық колледжіндегі шәкірттер ұстаздарға деген алғысты түрлі сахналық іс-шаралармен, ашық дәліз арқылы білдіреміз. Себебі осы ұстаздарымыздың арқасында біз өз ісіне жауапты маман болып шығамыз.

Қорыта келгенде, ұстаздың әр азамат өмірінде алар орны ерекше, қанша айтсаңда олардың ұлы істері таусылмайды. Қазақстанымызды өркендетер жастар және оларды тәрбиелейтін біздің ардақты да алтын ұстаздарымыз.

Ұлы тұлға екен ғой ұстаз деген, Әр шәкіртке білім мен ақыл берген. Бар балаға барынша көңіл бөлген, Ұстаздарды мен ұлы тұлға дер ем.

**Сарқан гуманитарлық колледжінің 203 А топ білімгерлері.**

Ұстаз - ұлы тұлға. Неліктен? Не үшін біз оларды соншалықты қадірлеп, қастерлеуіміз керек? Олар жәй ғана белгілі пәннен ақпарат беретін адам емес пе!?

**ЖОҚ!** Ұстаз жәй ғана адам емес, Ұстаз-оқушыларға жол үйретуші, оларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай үлкен өмірге қадам бастаушы. Ұстаз болып қаншама шәкірттің алдында білім беру, оларды тәрбиелеу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Бүлдіршін шағымызда бауырына басып, ыстық ықыласымен жазуды, оқуды үйреткен, әрқайсымыздың қаһарманымыз, ол - Ұстаз.

Ұстаз баланы тәрбиелеп, білім беруде барын салады, себебі, оны-

## ҰСТАЗ - ҰЛЫ ТҮЛҒА



мен тек баланың өмірі қалыптаса қоймай бүтіндей бір ұлттың тілі де қалыптасады. Шәкірттің қоғамда тұлға болып ер жетуіне ұстаздың қосар үлесі өте зор. Қазіргі әлемді жаулап жатқан әншілер, футболшылар, дәрігер, тіпті жас ұстаздар олардың бәрі, бәрі кезінде мектепке барып қолына қалам алып ұстаздарынан білім алған.

Кезінде ата-ана баласын ұстазына тапсырып жатып еті сенікі, сүйегі менікі деп өзара қалжыңдасатын. Бірақ бұл сөздердің де жаны бар. Ата - ана үшін баласының орны ерекше, олар балаға

жүріп тұруды, қоғамдық орындарда өзін ұстауды, жақсы-жаманды айыра білуді, мәдениеттілікті, үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор бола білуді үйретеді. Алайда балаға үйдегі тәрбие жеткіліксіз. Себебі ата-ана балаға нәресте ретінде қарайды. Ал, ұстаз белгілі бір азамат ретінде қарап, еліміздің патриотын тәрбиелеп шығуды ойлайды.

Мектепке жаңа қадам бастап кірген сәттен - ақ ұстаздарымыз біздің бар еркелігімізді көтерді, әрқайсымызбен сөйлесудің жолын тауып, біздің жадымызда өшпестей із қалдырды. Ер жетіп беделді азамат болып кетсеңіз де, ұстазды ұмытуға қақыңыз жоқ, сізді осы жолға жетелеген ұстаз екенін естен шығармаңыз.

# Шабыттың Жанашыр бол маздауына



Өткен аптада аудандық кітапханада «Туған жерге тағзым» жобасы аясында өлкенің ақын - жазушыларын насихаттау мақсатындағы әдеби кештің әсері оқырмандар көкейінде қалды. Кеш қонағы жазушылық пен ақындық өнерді қатар ала жүрген облыстық, республикалық, халықаралық жыр мүшәйраларының жүлдегері, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, аудандық мәслихаттың депутаты, «Сарқан» газетінің бас редакторы, Сарқан ауданының Құрметті

азаматы Жомарт Мақатұлы Игіман жас оқырмандарға өмір жолынан сыр шертіп, сауалдарға жауап берді.

Кезек ақын жырларына келгенде оқушылар ақын өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Кеш барысында сазгер Нұржан Ахметбековтың Жомарт Игіманның сөзіне жазылған «Сен менің түсіме ендің» өні орындалды. Әдеби іс-шараны аудандық кітапхана әдіскері Айсұлу Сейполдина қорытындылады.

Өз тілшіміз.

## Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты

Сарқан ауданының ұлағатты ұстаздары сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздердің еңбектеріңізбен жас ұрпақтың санасына енгізілетін тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге өлшеусіз. Жастардың болашағын айқындайтын ұстаз, бүгін екен дөңдеріңіз ертеңгі жеңісті - жемісті күннің көпілі десек артық емес. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырушы. Өз ісіне адал берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болатын, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп армандайтын ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге толы болсын. Сіздерге шығармашылық табыс, жұмыстарыңызға жеміс тілейміз.

Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты,  
Ол болмаса, кім береді парасатты.  
Асылын беріп шәкірт бойларына,  
Ағартқан сол үшін де қара шашты.  
Ұстазға әркім басын ию керек,  
Кемеңгер, ақылшым деп білу керек.  
Сен бүгін керемет боп кетсең дағы,  
Жеткізген сол ұстаз деп білу керек.  
Жақсылар ұмытпайды ұстаздарын,  
Ойлайды, олар сонымен ұшталғанын.  
Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз,  
Шәкіртінің биікке шыққандарын.

**М.Төлебаев атындағы орта мектебінің ұжымы.**



## "Участок" іс-шарасы жүргізілуде



Ағымдағы жылдың 26 қыркүйегі мен 15 қарашасы аралығында «Участок» республикалық профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде.

Аталған республикалық профилактикалық іс-шараның басты мақсаты еліміздің азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, сондай-ақ қылмыстарды анықтап, оның жолын кесу болып табылады.

«Участок» республикалық профилактикалық іс-шарасы ішкі істер органдарының абыройы мен беделін арттыруға қол жеткізу, азаматтармен тығыз сенімді қарым-қатынас орнату, сондай-ақ кез келген құқыққа қарсы көріністердің, соның ішінде лаңкестік пен экстремизм фактілерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында ұйымдастырылуда.

**Д. ЕСИМБЕКОВ,**

Жетісу облысы ППБ қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты.

### ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Орталықтағы жақсы үй сатылады,** ішінде ыстық, суық су, душ, дәретхана, Аристон бар. Жазғы ас үй (екінші үй) де бар. Гараж, монша салынған. Қос учаске – 14 сотық. Суаруы өте жақсы. **Хабарласыңыздар Жамбыл көшесі №18 (полициядан 2 квартал жоғары), тел.2-13-54, ұялы. 8700 2786020.**

**Продам благоустроенный дом в центре,** имеется горячая, холодная вода, душевая кабина, туалет, Аристон. Летняя кухня (второй дом). Гараж, баня, все хоз.постройки. Сдвоенный участок 14 соток. Полив отличный. **Обращаться ул. Жамбыла №18 (2 квартала выше полиции), тел.2-13-54, сот. 8700 2786020.**

**Д. МЕЛІС,**  
дінтанушы.

## Сен туған күн, мерекенмен!

Алмалы ауылының тұрғыны, біз үшін қадірі бөлек жан **Естай Әбілжанұлын** қыркүйек айындағы туған күнімен 63 жасқа толуымен әрі зейнет жасына жетуімен шын жүректен құттықтаймын! Зейнет жасың бақ, береке әкелсін, құтты болсын деп ақ тілегімізді арнаймыз. Ізгі ниетімізді мына бір жыр жолдарымен өрнектейміз.

Той болып өтсін жылдарың,  
Кезе бер өмір қырларың.  
Өзіңді елің танысын,  
Бірі деп нұрлы тұлғаның.

**Құттықтаушылар: інісі Қайрат, келіні Айнагүл, немерелері Ақниет, Әнел.**

Алмалы ауылының тұрғыны **Естай Әбілжанұлын** қыркүйек айындағы туған күнімен 63 жасқа толуымен әрі зейнет жасына жетуімен шын жүректен құттықтаймыз! Туған күн иесіне тек шаттыққа толы күндер кешіп, бағында бақыт құсы сайрап, сәулетіңе сай дәулет орнасын деген шынайы тілегімізді ақтарамыз. Осынау зейнет жасың ғажайып армандар мен жарқын үміттерге толы өміріңнің жаңа бастамасы болып, бар арман-тілектерің орындалсын!

Ұрпағыңның шынайы тілегісін,  
Шаңырақтың шаттығы жүрегісін.  
Аман жүрші, бұтағың көктей берсін,  
Ұл-қызыңның қашанда тірегісін.  
Құтты болсын бүгінгі зейнеттойың,  
Орындалсын алдағы арманды ойың.  
Еңбегіңмен көркейтіп отбасыңды,  
Қуанышқа кенелсін тұла бойың!-деп, қажымас қайрат, мұқалмас жігер тілеп,  
ұзақ жылғы еңбегіңнің лайықты жемісін көр дегіміз келеді.

**Құттықтаушылар: Естай-Шолпан.**

## Діннің бала тәрбиесіндегі орны

**Тәрбие - тұлғаның қалыптасуын жүйелейтін, қалыптасуы үшін атқарылатын мақсатты процесс. Бұл процесс өмір бойы үздіксіз жүріп отырады, адаммен бірге өсіп дамиды. Күрделі де ұзақ жүйе адам бойында, әрекет, өзін-өзі ұстау, мінез нормаларын қамтамасыз етеді. Қазақы тәлім-тәрбиенің өзі, тарих тағылымдары арқылы, ата-баба дәстүрі заман сабақтастығымен қанға сіңген қасиет. Қазақ балаларының тәрбиесі ортақ ел-жұртқа тиесілі болған. Төле би бабамыз айтып кеткендей:**

Бір үйдің баласы болма,  
Көп үйдің санасы бол.  
Бір елдің атасы болма,  
Бар елдің данасы бол.  
Атадан ұл туса игі,  
Ата жолын қуса игі.  
Өзіне келер ұятын,  
Өзі біліп тұрса игі,- деп,

отбасында сәби дүниеге келсе оны бүкіл ел болып қарсы алып, өскенше көз қарашықтарындай өсіріп, тәрбиелеген. Бір үйдің тентегі, бүкіл ел-жұрт, ауыл бейнесі болған. Әр бала тәрбиесіне ел болып жауап берген. Қызының-ұятын, ерінің-намысын басты орынға қойған. Ата-ана, әжеден тәлім-тәрбие алып, батыр ерлігін, дана-шешен сөздерін естіп өсіп, рухани азық жинаған. Тәлім-тәрбие, салт-сана, жыр-дастан, аңыз-әңгіме, ырым-тиым арқылы сусындап өскен қазақы ұрпақ, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып жатқан ділі мен діні арқылы да ұрпақ тәрбиелеген. Дін - адам тарихының үлкен тағылым, тәрбиесінің бірі және сарқылмас даналық көзі. Дін қазақы өмірмен бір ортаға жиысып, сіңісіп кеткен ата-баба ұстанған ислам дінін алып қарасақ болады. Дін адамдарды тек жақсылықтарға бастайды, адамгершілік құндылықтарын ашып, жүрекке иман ұялатады. Иманды жан ешқашан жамандыққа аяқ баспайтыны белгілі. Ата-бабаларымыз ауыздарынан Алланы тастамай, жүректерін тек иманға арнап, мәдениет, тіл, дін, өнер, салт-дәстүр, ырым-тиымдарын, тіршіліктерінің барлығын дінмен байланыстырған. Адамның асыл қасиеттері көркем мінез, адалдық, мейірімділік, жылы сөз, жақсылық, ерлік, қайырымдылық жаза берсең жіптей тізілетін адами құндылықтарды жинақтаушы, әр адам бойынан табылуына мүмкіншілік жасаушы осы дін болып табылады. Жүрекке иманды ұялатып адамды тек жақсы істерге баулиды. Дін адамды тек өзі үшін ғана емес, қоршаған орта, қоғам үшін де жақсы адам болуға шақырады. Адам тиыштығы қоғам тиыштығы, қоғам тиыштығы ел тиыштығы. Дін адамды азып тозудан сақтайды, асып тасудан қорғап, білім мен ғылымға жігерлендіреді.

Адамның жүріс-тұрысы, адамдармен қарым-қатынасы, мінез-құлқы, сөйлеу мәнері барлығы да адами құндылықтары мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Ал, тәрбие, шақалақ көзін ашқаннан бастау алады, санасы дами бастағаннан бастап, өмірлік қағидаттары қалыптасады. Адамның тұлға болып қалыптасуында тәрбие басты міндет атқарады. Тәрбие бастауы отбасы, үй іші. Қоршаған ортадағы адамдар қалай болса ұрпақ та солай қарай бой түзейді. Бой түзеу көріп ортырғанымыздай отбасынан басталады. Отбасында бала ер жетіп, тәрбие алады, жанұя атты шағын ғана мемлекетте дамып, болашақ үлкен өмірге үйреніседі. Сол үшін өмірлерінде әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Отбасы - адамзаттың алтын діңгегі іспеттес, оның ұрпаққа деген ықпалын өмірдегі ешбір күшпен салыстыруға болмайды. Тәрбие ең басынан отбасында дұрыс қалыптаспаса адамға қиындық тудырады, алайда адам дамуы үшін бүгін-ертең қажет емес тура қазірден бастаған дұрыс. Білім алып, жаңалыққа құштарлық, өзіңді дамыту, имандылыққа бет бұру секілді адамды тек жақсы жаққа жетелейтін құндылықтарды бойымызға сіңіре білуіміз керек. Тәрбие - адам өмірі, болашағы, адамның бет бейнесі. Адамзат баласын өзге жаратылыстан ажыратып, өзінің осы жаратылған барша жаратылыстың қожасы екенін, бірақ сол үшін осы әлемнің иесі алдында жауапты екендігін сезіндіретін нәрсе – дін екенін ұғынып, дінімізді, тілімізді, дәстүр, салтымызды адами құндылықтарымызды дамыту үшін қолданып жақсы өмір сүруге тырысайық.

Газеттің электронды нұсқасын <https://sarkan-gazeta.kz/> желілік басылымы сайтынан және



[https://www.facebook.com/Сарқан\\_газеті](https://www.facebook.com/Сарқан_газеті),



<https://www.instagram.com/sarkangazeti/> әлеуметтік желілерінен оқи аласыздар.

### Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



**Құрылтайшысы:**  
Директор - бас редактор  
**ИГИМАН Жомарт Мақатұлы**

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №КЗ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:  
**041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117**  
Телефон: 2-20-47, 2-23-53  
e-mail:  
**lgiman01@mail.ru**

Таралымы: 3048  
Осы шығарылымның таралымы: 3048  
Газет индексі: 35202,15202  
Офсеттік басылым 1 баспа табақ  
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.